

БҮГІНГІ ҰЛЫҚ ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰЛЫСЫ
(Баяндама)

Халықтың дәстүрлі дүниетанымында ұстаздық еңбек патшалық лауазымнан жоғары бағаланған. Біздің алдымыздағы буынның ғұламалары: «Ұстаздық – ұлы нәрсе», - деп өтті. Біз де осылай ойлаймыз, осыны айтамыз: «Жердің үстінде, аспанның астында ұстаздықтан асқан ардақты лауазым, ұстаздықтан асқан аяулы жұмыс жоқ», - дейміз. Ұлттық университеттің күн сәулетті аудиториясында тарих пәнінен дәріс оқып тұрған профессорға қатысты айтылғанда, бұл сөздердің жарығы мен жарқылы жанар жасқайтындай жарқырап ашылады. Өйткені Ұлттық университеттің аудиториясында тарих пәнінен, тарих профессорының дәрісінен жақсылықтың, ізгіліктің, ақиқаттың нұры таралады.



Жаратқанның Расулы Мұхаммед (с.ғ.с.) айтқан хадистердің бірінде өзінің ақыл-ой қуатының қызуымен адамзаттың бойына жақсылық пен ізгіліктің, ақиқаттың нұрын егіп тұрған ұстазға періштелерден бастап, көк пен жердің ортасындағылардың бәрі - аспандағы құстар мен індегі құмырсқаларға дейін, судағы балықтар мен шөлдегі аңдарға дейін – түгел құрмет білдіріп, соның тілеуін тілейтіні айтылыпты [1, 77; 2, 100]. Оған өз басым сенемін. Қазақстан жоғары мектебінің көрнекті қайраткері, ҚР ғылымын дамытуға

еңбек сіңірген, ҚР жоғары оқу орнының үздік оқытушысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Сүлейменұлы Қаражановты Ұлы мәртебелі Ұлттық университеттің осындай, адамзат баласының бойына жақсылық пен ізгіліктің, ақиқаттың нұрын егіп келе жатқан бүгінгі күнгі ұлық ұстаздарының ұлысы деп білемін.

Қуанышбек Сүлейменұлы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студентінен профессорына дейінгі ұстаздық еңбек жолының белестеріне шықты, осы университетте кандидаттық, докторлық диссертациясын қорғады, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі мамандандырылған диссертациялық кеңес төрағасы бола жүріп, Қазақстанның жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихының ғылым және білім пәні ретінде қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан тарихшыларының ғылыми мектебінің жаңа мазмұнда өсіп-өркендеуіне жетекшілік етті.



Дәріс аудиториясында

Қуанышбек Сүлейменұлы отандық тарих ғылымы мен тарихнама саласында әлеуметтік маңызы зор ғылыми нәтижелерге жетті, өзінің пәнін білім алушы жастарға өзі жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты нәтижелері негізінде оқуға қол жеткізді. Ғалымның авторлығымен, ғылыми жетекшілігімен, редакциялық басшылығымен, құрастыруымен жарық көріп, тарих мамандығы және тарих мамандығынан басқа мамандықтар бойынша

оқитын студенттерге арналған топ оқулықтары мен оқу құралдарының, іргелі зерттеу еңбектерінің ғылыми және практикалық маңызының зор екенін атап айту парыз.



Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуы («Сотрудничество союзных республик в развитии сельского хозяйства Казахстана в 1946-1980 гг» /1990) туралы, Қазақстандағы этнодемографиялық процестер («История переписей населения и этнодемографические процессы в Казахстане» /1999) жайлы, сондай-ақ «Қазақстан тарихы. Оқулық» (2001), «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. Оқулық» (2005), «Қазақстан тарихы. Лекциялар курсы» (2019-2012) сияқты өз авторлығымен және тең авторлармен бірлесе орындаған іргелі зерттеулері мен оқулықтарының жазылуы, баспаға дайындалуы үлкен күш-жігерді, ерен еңбекті талап етті. Бұл еңбектер өз кезегінде студент жастардың Қазақстан тарихы бойынша алатын білімінің бірден-бір басты қайнар көзі қызметін атқарды. Әсіресе қазақ және орыс тілінде жарық көрген «Қазақстан тарихы. Лекциялар курсы» Қазақстан жоғары мектебінде білім алушы жастардың бәріне ауадай қажетті аса құнды рухани қазынаға айналды.

Қуанышбек Сүлейменұлы жоғары білімді тарихшы мамандардың талай буынын мәпелеп өсіріп, баптап ұшырды, жиырмадан астам ғылым кандидаттары мен докторларын, философия докторларын даярлап, Қазақстанның халық шаруашылығын, жоғары мектеп пен ғылыми-зерттеу жүйелерін жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету ісіне зор үлес қосты, елдің жоғары мектебінің, ғылымы мен білімінің дамуына, қоғамның рухани жаңғыруы мен зияткерлік әлеуетінің өсуіне үлкен еңбек сіңірді.



Қуанышбек Сүлейменұлының тағы бір аяулы ерекшелігін білемін. Ол – Қуанышбек Сүлейменұлының Талас өзенінің бойында туып, өскені. Талас өзені марқұм Талас Омарбекұлының туған ауылы тұсынан, арынды қарқынмен тасып ағатын болса, орта ағысы бойындағы менің ауылымның тұсында тұнып, тыныш ағатын, ал Қуаныш Сүлейменұлының ауылы тұсында тұнған, мөлдіреген қалпында тұтас өлкеге жайылып, бар маңызын, нәрін сол ауылға беретін. Қуанышбек Сүлейменұлы Талас суының маңызы мен нәріне барынша қанып өсті.

Қуанышбек Сүлейменұлының туған ауылы *Үшарал* деп аталады. Ауыл адамдарының арасында *Үшаралға* қатысты аңыздардың бірталай нұсқалары айтылады. Үшаралдың айналасында толып жатқан тарихи ескерткіштер бар. Олардың қатарында *Ақ кесене*, *Көк кесене*, *Тектұрмас* қорғандары ерекше мәнді. Аталған ескерткіштердің тарихы жайында да толып жатқан аңыздар сақталған. *Үшаралдан* Бетпақ далаға барар бағытта құм ішінде «Боздаған» деген жал бар. Оның аңызы да сұрапыл сипатымен ерекшеленеді. Қуаныш Сүлейменұлы «Боздаған» деп аталған осы жалдың ертеде өмір сүрген, бетіне жан қаратпағын ақын қыз Ұлбикенің трагедиялық өлімімен байланысты аңызын айтты...

Қаратаудың солтүстік батысындағы құм ішіндегі биік жал. Ертеде осы жалдың екі жағында екі ауыл ел отырған. Бір жағындағы елден Ұлбике деген ақын қыз шыққан. Ақын қыздың бетіне жан қарай алмаған. Өңірдегі небір мықты деген ақындармен айтысқанда, оларды шақ келтірмей жеңе берген.

Қыз бойжеткен соң, ата-анасы оны жалдың екінші жағындағы елдің бір байының баласына күйеуге берген. «Күйеуі Ұлбикеке бұдан былай айтысуға тыйым салыпты. «Егер ендігәрі тойға барып, өлең айтыссаң, өлтіремін», - депті.

Күйеуі үйінде жоқ бір күні ауылда той болады. Тойға айтысатын ақындар келеді.



Сонда қайындары, қайнагалары: «Күйеуіңе ұрғызбаймыз, сабатпаймыз», - деп, ақын келінді тойға алып барып, айтыстырады. Той біткен соң, ақын келін үйіне кірсе, күйеуі келіп қалған екен. Есіктен кіріп келген әйелін қақ маңдайдан қойдың бір қатқан санымен періп қалыпты. Ұлбике содан тіл тартпай өліп кетеді. Төркіні жақын екен. Құн даулапты. Екі жақ жалдың басына жиналыпты. Күйеу жағы Ұлбикенің төркініне: «Пайғамбардың шаригатына түсесің бе, бидің билігіне жүгінесің бе?» - деп, таңдау беріпті. Ұлбикенің төркіні Пайғамбар шаригатына түсуді таңдайды. Сонда Күдері қожа Пайғамбардың шаригатына салып, мынадай төрелік беріпті: «Өлер Ұлбике өлді. Аяр да ас жоқ, тояр да ас жоқ. Енді мұны сойып, өкпесін алып көріңдер. Өкпесінде жазу жоқ болса, әйел адамның тойға барып, өлең айтуы дұрыс емес – өзіне сот. Бұған құн бұйырмайды. Егер өкпесінде жазу болса, онда гұзыр айтпаса, ішін жарып кетеді. Үш кісінің құнын берсін: сүйек құны; қара құн; өнер құны».

Ұлбикені сойып, өкпесін алып көрсе, өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен. Өкпесіне жазып қойғанның дәл өзі екен. Көрген жұрт жаны күйінгеннен ботадай боздаған дейді».

Аңыздың жазбаша дерегі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «1915 жылы 22 қарашада қағаз жүзінде нұсқа болған» қолжазбасында сақталған, кейін жарық көрген кітаптарында жарияланған [3, 256-257].

Жұрт ботадай боздаған биік жал *Боздаған* аталған. Бір заманда жалдың құмын жел суырып, көшірген. Жалдың орны сайға айналған. Сай да *Боздаған* аталған. Енді бір заманда жел суырған құм сайға құйылып, жал бұрынғы қалпына келген. Ел аузындағы аңыздар бойынша, *Боздаған* атауының тарихы осындай екен.

Талас өзенінің Қуанышбек Сұлейменұлының аулына қарай бұрылатын иінінде «Шилі өзен» деген жер бар. Таластың ескі арнасының орны. Онда



қалың ши өседі. Қуанышбек Сүлейменұлы осы «Шилі өзен» туралы ел аузындағы аңыздардың бірін айтқанда, менің көңілім толқығаны әлі есімде. Аңыз желісі халық өлеңі «Шилі өзен» мазмұнымен тоғысады екен. Бұдан жастау кезіміздегі басқосуларымызда, көңіліміз толқығанда, Таласты сағынғанда, «Шилі өзен» әнін қормен айтатын сәттеріміз болатын. Әннің сазы бәрімізді тербететін.



Таластың төменгі ағысы бойының осы аңыздарының нұсқаларын Қуанышбек Сүлейменұлының айтуынан жазып алдым. Олар менің «Тараз

өлкесі. Тау мен дала аңыздары» [4] деген кітабыма енді. Оларды айтушы Қуаныш Сүлейменұлының аты-жөнін кітаптың соңында берілген түсініктерде көрсеттім.

Бұл аңыздардың тарихи, танымдық маңызы жоғары. Әр аңыздың арнасында көлкөсір тарих шындығы шалқиды. Онда көңілді толқытар ерекше сарындар да аз емес.

Жазушының өмір шындығынан өнер туындысын жасау жолындағы еңбегі туралы зерттеулерімде ғылыми тұжырымдарымның бірқатарын Қуанышбек Сүлейменұлы айтқан осы аңыздарға сүйеніп негіздедім.

Менің шығармашылық еңбектерімнің өзегінде Қуанышбек Сүлейменұлының ойы мен сөзінің асыл арқауы бар. Сол үшін де мен ол кісіні зор құрмет тұтамын.

Студент жастарға дәріс оқып, өзіміз де оқып, ғылыми жұмыстарымызды жазып жүріп, жер ортасы жастан асыппыз. Қуанышбек Сүлейменұлының менен бір жас үлкендігі бар. Өзімізше сөйлескенде, *көке* деймін. Көкем 75 жасқа толып отыр. Құттықтау сөзімді ресми тілде айттым:

Аса құрметті Қуанышбек Сүлейменұлы, Сізді 75 жасқа толған мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Ел-жұртыңызға ынтымақ пен бірлік, Өзіңізге - зор денсаулық, мол шығармашылық табыс, жанұяңызға, бала-шағаларыңызға, туған-туыстарыңызға амандық-саулық, құт-береке, бақ-дәулет, абырой тілеймін.

ӘДЕБИЕТ

1. Абу Мухаммад аль-Газали ат-Туси. Ихиа' 'улум ад-дин (Возрождение религиозных наук). Том I, ч.I / Перевод с арабского Насыров И.Р., Ацаев А.С. – М.: Издательский дом «Нуруль Иршад», 2007. – 580 с.
2. Роузентал Франц. Торжество знания. Концепция знания в средневековом исламе / Пер. с англ. С.А. Хомутова. Предисл. и примеч. А.В. Сагадеева. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1978. – 372 с.
3. Көпейұлы М.Ж. Ұлбикенің өлімі // Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 9-том. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – 256-257-беттер.
4. Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі: Тау мен дала аңыздары. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. – 404 б.

2022